

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық қор нарығын дамыту жөніндегі 2018 – 2021 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 қантардағы № 32 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық қор нарығын дамыту жөніндегі 2018 – 2021 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) және Жоспарды орындауға жауапты ұйымдар (келісім бойынша):

1) Жоспарды уақтылы орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) есепті жартыжылдықтан кейінгі жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) есепті жартыжылдықтан кейінгі жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1 наурыздан және 1 қыркүйектен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2018 жылғы 25 қантардағы

№ 32 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық қор нарығын дамыту жөніндегі 2018 - 2021 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары

1. Кіріспе

Ел экономикасының өсуі бизнес субъектілерінен қолжетімді қаржы көздерінің болуын талап етеді.

Әлемдік конъюнктураның тұрақсыздығы және сырттан қарыз алу көздерінің қысқаруы ішкі қаржы көздерін, ең алдымен қор нарығының құралдарын дамыту және пайдалану қажеттілігін туындарады.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына Жолдауында қор нарығын дамыту, халықта өз жинақ ақшасын ең алдымен түрлі бағалы қағаздарға инвестициялау үшін мүмкіндікті көңейту үшін серпін беру және отандық қор нарығын жандандыруға бағытталған шаралар қабылдау қажеттілігі белгіленген.

Осыған байланысты қазіргі экономикалық және геосаяси жағдайларда Қазақстан Республикасының алдында тұрған сын-қатерлер мен міндеттерді ескерсек, отандық қор нарығын дамыту және тартымдылығын арттыру, қауіпсіз әрі қолайлы орта құру арқылы әмитенттер мен инвесторларды ынталандыру жөніндегі міндет ерекше маңыза және басымдыққа ие болады.

2. Қазақстан Республикасы қор нарығының ағымдағы ахуалын және даму проблемаларын талдау

2.1. Қор нарығының ағымдағы жай-куйі

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында 46 брокер және (немесе) дилер, 10 кастодиан, 23 инвестициялық портфельді басқарушы, 2 трансфер-агент, 1 сауда-саттықты ұйымдастырушы, 1 бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыратын ұйым бар. "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы және "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" акционерлік қоғамы бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті лицензиясыз жүзеге асыруда.

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар әмитенттерінің саны 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1730 болды, олардың ішінде қолданыстағы акциялар шығарылымдары бар акционерлік қоғамдар саны – 1337 (1-сурет). Қолданыстағы акциялар шығарылымдарының саны жарғылық капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келтірілмеген акционерлік қоғамдардың ерікті немесе мәжбүрлі тәртіппен таратылуына байланысты жоспарлы түрде төмендеуде.

1-сурет

Қолданыстағы акциялар мен облигациялар шығарылымдарының саны



2016 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) акциялардың 25 шығарылымын тіркеп, 221 акциялар шығарылымының күшін жойды. Оның ішінде Ұлттық Банктің қуыннымдары бойынша аумақтық мамандандырылған экономикалық соттардың жарғылық капиталдары заңнама талаптарына сәйкес келмейтін акционерлік қоғамдарды мәжбүрлеп тарату туралы шешімдерінің негізінде 65 акциялар шығарылымының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің акционерлік қоғамдарды тарату және қайта ұйымдастыру туралы хаттарының негізінде 66 акциялар шығарылымының күші жойылды. Акциялар шығарылымының қалған 90 шығарылымының күші осы акционерлік қоғамдардың акционерлік жалпы жиналыстарының қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдерінің негізінде жойылды.

Колданыстағы облигациялар шығарылымының 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша саны – 393, олардың жиынтық номиналдық құны 10,3 трлн. теңге, оның 264 шығарылымы "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – KASE) ресми тізіміне, оның ішінде 91 шығарылым "квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары" санатына, 173 шығарылым "өзге де борыштық бағалы қағаздар" санатына енгізілген.

2016 жылы жалпы көлемі 414,7 млрд. теңгені құрайтын 17 мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы, көлемі 666,2 млрд. теңге болатын облигациялық бағдарламалар шеңберіндегі 25 облигациялар шығарылымын қоса алғанда, шығарылым көлемі 953,8 млрд. теңге болатын 9 облигациялық бағдарлама тіркелді.

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында активтері басқарушы компаниялардың инвестициялық басқаруындағы 20 инвестициялық пай қоры (14 жабық, 1 ашық және 5 аралық), сондай-ақ 18 акционерлік инвестициялық қор, оның ішінде 8 жылжымайтын мүлік қоры жұмыс істеді. Инвестициялық қорлар активтерінің жиынтық мөлшері 530,6 млрд. теңге болды, оның ішінде инвестициялық пай қорларының активтері – 465,0 млрд. теңге, жылжымайтын мүлік қорларының 33,7 млрд. теңге болатын активтерін қоса алғанда, акционерлік инвестициялық қорлардың активтері – 65,5 млрд. теңге.


Қазақстанның ұйымдастырылған нарығын бүгінгі күні KASE құрайды.

2017 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша KASE-нің ресми тізімінің құрылымын корпоративтік эмитенттер акцияларының 116 шығарылымы (ресми тізімге енгізілген бағалы қағаздар шығарылымдарының жалпы санының 19,8 %-ы), корпоративтік эмитенттер облигацияларының 264 шығарылымы (45,0 %), мемлекеттік бағалы қағаздардың 195 шығарылымы (33,2 %) және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының 5 шығарылымы (0,9 %) құрайды.

KASE-нің ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығын жалпы капиталдандыру 2016 жылы 4,7 %-та ұлғайып, 22,5 трлн. теңге болды (2-сурет).

2-сурет

KASE-ні капиталдандыру



KASE индексі

2016 жылы есепті кезеңде KASE индексінің өсуі 499,1 тармақты немесе 58,1 %-ды құрады. KASE индексінің өсуінің негізгі қозғаушы күші бір акциясының құны 219,5 %-та немесе 1038,7 теңгеден 1512,0 теңгеге дейін өскен KAZ Minerals PLC-тің акциялары болды. Олардың өсуіне тауар нарығы макроэкономикалық конъюнктурасының жақсаруы, сондай-ақ 2016 жылы қызметтің өндірістік және қаржылық нәтижелерінің қолайлы болуы ықпал етті. Екінші орында "ҚазТрансОйл" АҚ-тың акциялары болды, олардың құны бір акция үшін 1226,3 теңгеге дейін 61,3 %-та немесе 465,9 теңгеге өсті. Үшінші орында – бір акциясы 1173,0 теңгеге 58,2 %-та немесе 431,4 теңгеге қымбаттаған "KEGOC" АҚ (бұдан әрі – КЕГОК). Барлық үш құрал да инвесторлар қызметтің оң нәтижелері жариялану және олардың теңгемен құралдарға қызығушылығының ұлғаюы аясында өсті.

Акциялар нарығы

2017 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 2016 жылдың басынан бері 1889,1 млрд. теңгеге немесе 15,3 %-та өсіп, 14,3 трлн. теңгеге жетті. Бұл көрсеткіш негізінен KASE-де сауда-саттыққа түседін акциялар

құнының өсуі есебінен үлгайды. Алайда қолжетімді үlestік құралдар санының кеңеюі де белгілі бір рөл атқарды.

Корпоративтік облигациялар нарығы

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша KASE-де корпоративтік облигациялардың сауда-саттық көлемі 507,4 млрд. теңгені (1607,8 млн. АҚШ долларының баламасы) құрап, 2016 жылғы 1 қаңтардан бері 58,7 %-ға төмендеді. Белсенділіктің негізгі төмендеуі Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеменің рөлін қүшетуінің арқасында ақша айтарлықтай қымбаттаған бастапқы нарықта болды. Қазақстан үшін дәстурлі корпоративтік облигациялардың эмитенттері – банктер үшін қорландырудың жаңа құны өте жоғары болды, ал нақты сектор компаниялары жаңа жағдайларға біртіндеп бейімделе отырып, нарыққа жылдың екінші жартысында ғана шыға бастады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша KASE-дегі мемлекеттік бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі 2016 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 30 %-ға өсті. Сауда-саттық көлемінің үлғауы Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарын сату жөніндегі Ұлттық Банктің операцияларымен және тәуекелсіз кірістілік қисығын құру мақсатында Ұлттық Банктің мерзімі 1 жылға дейінгі ноттарын шығарумен байланысты болды.

2016 жылы ұйымдастырылған нарықта мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер көлемі ("repo" секторын есептегендеге) 2016 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 49,8 %-ға азайып, 1,1 трлн. теңге, оның ішінде бағалы қағаздардың қосалқы нарықында – 330,4 млрд. теңге, бастапқы нарықта – 425,2 млрд. теңге болды.

Ұйымдастырылған нарықта мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша биржалық мәмілелер көлемі ("repo" секторын есептегендеге) 2016 жылды 57,3 трлн. теңге болып, "repo" операциялары көлемінің үлғауына байланысты 2016 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 2,4 есе үлгайды.

2.2 Қор нарығының сыртқы бәсекеге қабілеттілігі

2016 жылдың сонында KASE-ні де, Ресей қор биржасы – "Мәскеу биржасы" ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Мәскеу биржасы) да капиталдандыру шамалас болды және тиісті елдердің ішкі жалпы өнімі (бұдан әрі – ІЖӨ) көлемінің шамамен жартысын құрады. Бұл ретте соңғы екі жылда 2014 жылды қол жеткізілген ең төмен көрсеткішпен салыстырғанда, бұл көрсеткіштің абсолютті және салыстырмалы түрде (ІЖӨ-ге қатысты) үлғаю үрдісі байқалады.



Қазақстан және Ресей қор нарықтарының дамушы нарықтар, оның ішінде екі ел экономикалары дамуының шикізатқа (мұнай, газ, металлургия және атом өнеркәсібі) тәуелділігінен дамушы нарықтар санатына жататынын ескерсек, KASE индексінің серпіні Мәскеу биржасы индексінің серпініне ұқсас болып табылады.

Сонымен бірге Қазақстан және Ресей қор биржалары мүшелері, сауда-саттыққа түсетін құралдары және эмитенттері санының көрсеткіштері Ресей Федерациясы экономикасы көлемінің ауқымды болуына байланысты салыстыруға келмейді.

Мәселен, 2016 жылдың соңындағы жағдай бойынша Мәскеу биржасындағы сауда-саттыққа қатысушылар саны KASE-дегі қатысушылар санынан 9 еседен аса, құралдар саны 3 еседен аса, эмитенттер саны 4 еседен аса артық.



Қор биржаларында сауда-саттыққа түсестін бағалы қағаздар саны

Бағалы қағаз түрі	Қазақстан қор биржасы		Мәскеу биржасы	
	құралдардың саны	эмитенттердің саны	құралдардың саны	эмитенттердің саны
Акциялар	116	98	299	242
Корпоративтік облигациялар	264	65	1268	386
Өзге құралдар	204	22	300	64
Жиынтығы	587	157	1867	692

Мәскеу биржасының алаңында көптеген қаржы құралдарының және эмитенттердің болуы, бірінші кезекте, Ресей Федерациясының ауқымымен, оның экономикасының көлемімен, халық санымен және аумағының өлшемімен, екінші кезекте, тарихи алғышарттармен, атап айтқанда, мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру Ресей Федерациясында қор биржасы арқылы жүзеге асырылуымен байланысты. Нәтижесінде Ресейдің бағалы қағаздар нарығының инвестициялау үшін неғұрлым көбірек мүмкіндіктері бар.

Өз кезегінде, Дүниежүзілік Банктің және Халықаралық қаржы корпорациясының "Бизнесті жүргізу" жыл сайынғы баяндамасын шеңберінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының "инвесторларды қорғау" индикаторы бойынша позицияларын

бағалауы Қазақстанда инвесторлардың құқықтары мен мүддесін қорғаудың жоғары деңгейін қоса алғанда, инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасалған деп болжауға мүмкіндік береді.

Дүниежүзілік Банк пен Халықаралық қаржы корпорациясының 2017 – 2018 жылдарға арналған жыл сайынғы "Doing Business" рейтингі Қазақстан Республикасының "Миноритарлық инвесторларды қорғау" көрсеткіші бойынша 1-орында, ал Ресей Федерациясының 51-орында тұрғанын көрсетіп отыр.

Миноритарлық инвесторларды қорғау" индикаторының негізгі өлшемдерін салыстыру

Өлшемдер	Қазақстан Республикасы	Ресей Федерациясы
Акционерлер құқықтарының индексі	10,0	9,0
Мүдделер қайшылығының индексі	8,0	5,0
Акционерлік басқару индексі	9,0	7,3
Рейтингтегі орын	1	51

2.3 Қор нарығын дамытудың негізгі үрдістері және проблемалары

Соңғы жылдары бағалы қағаздар нарығын жандандыру бойынша айтартылған жұмыс жүргізілді.

Останық брокерлердің қызметін ырықтандыру шенберінде олардың халықаралық қор нарықтарына шығуы бойынша мүмкіндіктері кеңейтілді, Қазақстанның мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін бастапқы орналастыруға қатысуға қойылған шектеулер алып тасталды, "repo" операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың тізбесі "автоматты" тәсілмен кеңейтілді.

Қор нарығына қолжетімділікті жеңілдету мақсатында инвесторлар үшін Ұлттық Банк клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасы негізінде сауда операцияларын жүргізуі және жеке кабинет арқылы электрондық қызмет көрсетуді қоса алғанда, брокерлерді өз клиенттеріне электрондық қызмет көрсету мүмкіндігімен қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырды. Брокерлердің көпшілігі берілген мүмкіндікті пайдаланды және 22 мыңдан астам клиентке электрондық қызмет көрсетіп отыр.

Эмитенттер үшін қор нарығына шығу бойынша рәсімдер жеңілдетілді, бағалы қағаздар шығарылымын тіркеуге қатысты талаптар оңтайландырылды, бағалы қағаздар шығаруға байланысты рұқсат беру рәсімдерінің саны қысқартылды, инвесторлардың эмитенттердің қызметі туралы ақпаратқа қолжетімділігі жеңілдетілді және жүйеге келтірілді. Одан әрі бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің электрондық форматына өту және оны қаржылық есептілік депозитарийінің сайты арқылы автоматты түрде жаңарту жоспарланып отыр.

KASE листингінің құрылымын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жүргізілді. Халықаралық қаржы ұйымдары мен шағын және орта бизнес кәсіпорындарының бағалы қағаздарын KASE-ге орналастыруға қойылатын листингтік талаптар барынша жеңілдетілді.

Халықаралық валюта қорының ұсынымдарына сәйкес биржалық мәмілелердің аяқталу қағидаттары заңнамалық деңгейде бекітілді. Азаматтық заңнаманың нормаларына енгізілген, 2017 жылғы 11 наурыздан бастап күшіне енген өзгерістер биржалық мәміле жарамсыз болып танылған жағдайда, тараптардың мәміле бойынша алынғанның барлығын қайтаруына рұқсат етілмейтінін көздейді. Іс-әрекеті мәміленің жарамсыздығына алып келген кінәлі тарап мәміленің шығын келген тарапына немесе құқықтары бұзылған тұлғаға шығынды өтейді. Осы іс-шараны іске асыру Қазақстанның Халықаралық своптар және деривативтер қауымдастығына (бұдан әрі – ISDA) мүшелікке үміткер болуына мүмкіндік береді.

Инвестордың әмитенттердің қызметі және олар шығарған бағалы қағаздар туралы маңызды және дәйекті ақпаратты уақтылы алуы – инвестициялардың табысты болуының кепілі және тәуекелдерден қорғау тетігі.

2008 жылдан бастап Қазақстанда қаржылық есептілік депозитарий жұмыс істейді, ол инвесторларға әмитенттердің қаржылық есептілігіне және олардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратқа тегін қолжетімділік береді. Осы ақпараттың пайдаланушылары әмитенттер, инвесторлар, рейтинг агенттіктер, аудитор және мемлекеттік органдар болып табылады. 2016 жылы қаржылық есептілік депозитарийінің сайтына кірушілер саны 6 миллионнан асты, әмитенттер ашатын ақпарат саны 2014 жылғы 6 мың корпоративтік оқиғадан 2016 жылғы 50 мың корпоративтік оқиғаға дейін ұлғайды, бұл қор нарығының ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін раставиды.

Әмитенттердің қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарына ақпарат орналастыру тәртібі мен талаптарын жетілдіру мақсатында 2016 жылғы қаңтарда және 2017 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің Басқармасы тиісті нормативтік актілерге түзетулерді қабылдады.

Қазақстанның корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі заңнамасын жетілдіру бойынша, оның ішінде Қазақстанның "Doing Business" рейтингіндегі позицияларын жақсарту бойынша жұмыс шенберіндегі жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

2016 жылы "Реформатикс" тобының сарапшыларымен бірлесіп Қазақстан Республикасының кейбір заңнамасына Қазақстанның "Doing Business" рейтингіндегі позицияларын жақсарту мәселелері бойынша акционерлер мен инвестордың мүдделерін қорғау және қоғамдардағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған түзетулердің 5-ші топтамасы шенберінде түзетулер әзірленді. Бұл түзетулер "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық, банктік заңнаманы жетілдіру және кәсіпкерлік қызмет үшін жақсарту

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңында іске асырылды.

2017 жылы Қазақстан Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингінде 36 орынды алды. Дүниежүзілік Банк сарапшыларының бағалауы бойынша реттеушілік процестердің барынша жақсаруына "Doing Business" – "Миноритарлық инвесторларды қорғау" рейтингінің индикаторы бойынша қол жеткізілді, ол бойынша Қазақстан 190 елдің арасынан 1-ші орын алды (соңғы жылы 2 позицияға көтеріле отырып), бұл Қазақстанда инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасалғанын және инвесторлардың құқықтары мен мұддесін қорғаудың тиісті деңгейінің қамтамасыз етілгенін раставиды.

Кор нарығының дамуындағы айтарлықтай прогрессе қарамастан, қазіргі кезде бағалы қағаздар нарығының толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында шешу талап етілетін бірқатар мәселелер қалып отыр. Осылайша, отандық бағалы қағаздар нарығының негізгі проблемалары оның өтімділігінің төмен болуы, бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығының жеткіліксіздігі, салықтық ынталандырудың және "тұғырлы" инвесторлардың болмауы және соның салдарынан Қазақстанның компанияларында бағалы қағаздар нарығы арқылы капитал тартуға ынталандырудың төмен болуы болып қалып отыр.

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының дамуындағы негізгі рөлді 2007 жылға дейін жинақтаушы зейнетақы қорлары және банктер мен инвестициялық қорлар сияқты басқа да институционалдық инвесторлар атқарды.

Жалпы экономикалық үрдістермен ушығатын зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға шоғырландыру және стратегиялық инвесторлар санының қысқаруы бағалы қағаздар нарығындағы тұралауға, эмитенттердің қор нарығында акционерлік және қарыз капиталын тарту бойынша мүмкіндіктерінің төмендеуіне, бағалы қағаздармен сауда көлемінің төмендеуіне алып келді. Қазіргі кезде KASE-дегі сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі негізгі үлесті шетелдік валютамен операциялар және репо операциялары құрайды.

Бағалы қағаздар нарығының дамуы үшін жағымсыз фактор сондай-ақ "Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде халық арасында акциялары орналастыруды тоқтата тұру болды.

Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) бірыңгай биржалық кеңестігін құрудың жоспарлануына байланысты отандық эмитенттердің ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің негұрлым өтімді қор нарықтарына кету тәуекелі туындағы.

Осыған байланысты, бағалы қағаздар нарығын дамытудың басым бағыттары оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тиімді реттеу ортасын құру, эмитенттер мен инвесторлар базасын кеңейту болып табылады.

2.4 "Астана" халықаралық қаржы орталығының биржасын құру

"5 институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам" Үlt жоспары (бұдан әрі – Үlt жоспары) Қазақстан дамуының жаңа бастапқы нүктесі болды . Үlt жоспары шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша арнайы мәртебе беріле отырып, "Астана" халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) құрылды. АХҚО-ны табысты бастау үшін АХҚО қатысушылары үшін мынадай оңтайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз ететін "АХҚО туралы" Конституциялық заң (бұдан әрі – Конституциялық заң) қабылданды:

- 1) ағылшын құқығы қағидаттарына және үздік халықаралық практикаларға негізделген ерекше құқықтық режим;
- 2) қаржы нарығының әділдігін, айқындылығын және тиімділігін қамтамасыз ету, инвесторлардың және қаржылық қызметтер клиенттерінің мүдделерін қорғау және жүйелік тәуекелді барынша азайту үшін танылған әлемдік стандарттарға сәйкес келетін тәуелсіз реттеу;
- 3) АХҚО қатысушылары үшін 2065 жылдың соңына дейін корпоративтік табыс салығын төлеуден босату түріндегі салықтық преференциялар;
- 4) женілдетілген визалық және еңбек режимдері.

Конституциялық заңға сәйкес, АХҚО міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту, оның капиталдың халықаралық нарықтарымен ықпалдасуын қамтамасыз ету болып табылады.

2017 жылдың соңында АХҚО биржасы құрылды. АХҚО биржасының акционерлері Шанхай қор биржасы және әлемде барынша пайдаланылатын сауда платформасын енгізген американдық Nasdaq биржасы болып табылады. АХҚО биржасында капитал нарығының кәсіби қатысушыларына арналған қағидалар халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленді.

Сонымен бірге АХҚО және KASE биржаларының қызметін реттеуде ықтимал құқықтық және реттеушілік төрелікті болдырmas үшін Қазақстан Республикасының АХҚО және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының осы ұйымдарға қатысты белгіленген жекелеген нормаларын үйлестіру қажет.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағында қор нарығының бірнеше биржа аландарының қатар жұмыс істеп, дамуы үшін жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Үлттық Банк Басқармасының төрағалық етуімен Қазақстан Республикасының Үкіметінен жұмыс тобы құрылатын болады. Осы жұмыс тобы жұмысының нәтижесі бойынша ұсыныстар Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізіледі.

3. Жоспардың мақсаты мен міндеттері

Жоспар іскерлік белсенділікті арттыруға, қаржы секторын одан әрі институционалдық дамытуға, экономиканың басым секторларын қаржыландыруға

және тұтастай алғанда ұзақ мерзімді экономикалық өсуге ықпал ететін тиімді және бәсекеге қабілетті бағалы қағаздар нарығын құруға бағыттаған.

Қойылған мақсатты шешу үшін мынадай негізгі стратегиялық бағыттар бойынша міндеттерді шешу көзделеді:

- 1) қор нарығының инфрақұрылымын және реттеуді жетілдіру;
- 2) қор нарығында сұранысты ынталандыру;
- 3) қор нарығында ұсыныстарды ынталандыру;
- 4) халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

Ұлттық қор нарығын дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша мұндай іс-шаралар осы Жоспарға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық қор нарығын дамыту жөніндегі 2018 – 2021 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында берілген.

4. Қызметтің одан арғы бағыттары

4.1 Қор нарығының инфрақұрылымын және реттеуді жетілдіру

Бағалы қағаздар нарығында қызметті реттеуді ырықтандыру

Биржалық валюта нарығына клиенттік қолжетімділікті кеңейтудің өзектілігіне байланысты, сондай-ақ брокерлер үшін валюталық тәуекелдерді хеджиraleудің қосымша құралдарын құру және брокерлердің басқа нарықтардағы инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында бұл ретте қолма-қол валютамен айырбастау операцияларын қоспағанда, бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мақсаты үшін шетел валютасымен айырбастау операцияларын үйымдастыруға құқық беру арқылы уәкілдегі банктерге ғана емес, сол сияқты брокерлік компанияларға сауда-саттыққа қатысушылар ретінде қор биржасындағы валюталық сауда-саттықтарға рұқсат беру жоспарланды.

Сонымен бірге отандық брокерлік ұйымдардың функционалын кеңейту мақсатында брокерлік ұйымдарға банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру құқығын беру, сондай-ақ қор нарығында брокерлер мен олардың клиенттері жүргізетін маржиналдық мәмілелерді жүзеге асыру тетіктерін қайта қарау жоспарланып отыр.

Кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ) үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде қаржы құралдарының иелерін идентификаттау рәсімдерін жеңілдету мақсатында "бенефициарлық меншік иесі" ұғымын КЖ/ТҚҚ туралы заңнамада түзету қажет. Бұл шара қаржы институттарының клиенттеріне қатысты осы ұғымды екі түрлі түсіндіруді болдырмауға

мүмкіндік береді. Көрсетілген ұйымның қолданыстағы редакциясы қаржы ұйымдарының, атап айтқанда брокерлік ұйымдардың клиенттерін осындай ұйымдардың бенефициарлық меншік иелерінің қатарына жатқызуды болжамдайды.

Қаржы ұйымдарына өздерінің клиенттерін идентификаттауды және тексеруді жүзеге асыру кезінде мемлекеттік дерекқорларға өтініш жасау мүмкіндігін беру қаржы ұйымдарының клиенттерді идентификаттау кезіндегі шығындарын қысқартуға мүмкіндік беретін басқа тиімді шара болады. Атап айтқанда, "Жеке тұлғалар" және "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларынан мәліметтер алуды Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "электрондық үкімет" шлюзі арқылы Ұлттық Банктің "Ұлттық Банктің шлюзі" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

Сонымен қатар клиентті идентификаттау процесіне бастамашы болған кезде маңыздылықтың шегін белгілеу ұсынылады. Атап айтқанда, осындай ұйымнан қаржы қызметтерін алмайтын (мысалы, ақпараттық қызметтер ғана алатын) және осындай клиентпен шарттың сомасы (көрсетілетін қызметтердің құндық көрсетілуі) бір айда 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын қаржы ұйымдарының клиенттері идентификатталмайды.

Сонымен бірге бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттеуді ырықтандыру мақсатында мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығаруға байланысты рұқсат беру рәсімдерін жеңілдету және қор нарығындағы әкімшілік жауапкершілік шараларының жүйесін ырықтандыру, сондай-ақ реттеу мен қадағалаудың халықаралық қағидаттары мен стандарттарын ескере отырып, брокерлік ұйымдарға және инвестициялық портфельді басқарушыларға қатысты тәуекелге бағдарланған қадағалау рәсімдерін жетілдіру арқылы құқық бұзушылықтарды алдын ала қадағалау және алдын алу жүйелеріне өту қажет.

Сонымен қатар отандық қор нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық рейтинг жүйелерін дамытудың қазіргі табысты халықаралық тәжірибесін қолдану ұсынылады. Реттеушінің Ұлттық Банктің атынан қызметті бағалау және тиісінше қадағалау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін ұлттық рейтинг агенттіктерінің қызметіне талаптар белгілеу арқылы ұлттық рейтинг жүйесінің мәртебесін және оған сенімін үдемелі түрде арттыру қажет.

Сонымен бірге халықаралық тәжірибеге сәйкес басшы қызметкерлерді келісу рәсімдері мен тетіктерін жетілдіру жоспарланып отыр. Бұл ретте дамыған елдердің басшы қызметкерлерді "секторлық" келісу бойынша тәжірибесін пайдалану жоспарланды.

Каржы құралдарымен мәмілелердің есеп айырысу және тіркеу жүйелерін жетілдіру

Қор нарығының қалыптасқан инфрақұрылымына қарамастан одан әрі даму бағыттары бар.

"Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" акционерлік қоғамын "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамына қосу арқылы бірыңғай есеп орталығын құру есебінен қаржы құралдарымен мәмілелердің есеп айырысу және тіркеу жүйелерін оңтайландыру қор нарығы инфрақұрылымының операциялық тиімділігі мен сенімділігін арттыруға, инвесторлардың бағалы қағаздармен операциялар жүргізу уақытын және шығасыларын қысқартуға мүмкіндік береді.

Қайта ұйымдастырылған "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы базасында бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының айқындылығын қамтамасыз ету үшін бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының ықпалдасқан ақпараттық жүйесі құрылатын болады, ол нарыққа қатысушыларға бағалы қағаздар бойынша баға белгіленімін алмасуға және мәмілелер жасауға мүмкіндік береді. "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы базасында мұндай ақпараттық жүйені құру бұл ұйымның "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстанның қаржы нарығында депозитарлық қызметті жүзеге асыратын және номиналдық ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен жүргізілген барлық транзакциялар туралы ақпаратқа ие жалғыз ұйым болып табылатындығына байланысты. Бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының есепке алу жүйесімен интеграцияламай құру мүмкін болмағандықтан, көрсетілген жүйе осы ұйымның базасында ғана құрылуы мүмкін.

Тұынды қаржы құралдары (бұдан әрі – ТҚҚ) нарығының айқындылығын арттыру және тұрақтылығын арттыру мақсатында ТҚҚ-мен барлық биржадан тыс мәмілелер бойынша орталықтандырылған электрондық есепке алуды жүзеге асыру үшін сауда репозиторийі функционалын кеңейту, қаржылық емес ұйымдарға шетелдік қаржы және тауар нарықтарына шетелдік ұйымдардың қатысуымен ТҚҚ-мен жүргізілетін биржадан тыс мәмілелер бойынша есептілікті сауда репозиторийіне ұсыну міндетін жүктеу, ТҚҚ-мен жүргізілетін биржадан тыс мәмілелердің заңды болуын және түпнұсқалылығын тексеру үшін тіркеу идентификаторын және тарату неттингінің тетігін (оған тіркеу идентификаторы бар мәмілелер енгізіледі) енгізу ұсынылады.

Бағалы қағаздарды және ақшаны есепке алуға арналған бірыңғай шот қосымша енгізілетін болады, бұл клиенттің активтерін бірыңғай шотқа жинақтауға және оларды барынша тиімді есепке алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, қайта құрылған инфрақұрылымдық ұйымның қызметін халықаралық практикаға сәйкес келтіру мақсатында Clearstream және Euroclear халықаралық депозитарлық жүйелерге ұқсастығы бойынша есепке алу жүйесінде бағалы қағаздарды және ақшаны есепке алуға арналған бірыңғай шот енгізу жоспарланды.

Сонымен қатар жоғалып кеткен және (немесе) қайтыс болған акционерлердің активтерін қайтару тетігін енгізу жоспарланды.

Бұдан басқа, уәкілетті органның бағалы қағаздарға тағайындастын ұлттық сәйкестендіру нөмірлерінен халықаралық сәйкестендіру нөмірлеріне (ISIN) өтуін жүзеге асыру жоспарланды, бұл шетелдік инвесторлардың қазақстандық бағалы қағаздарды қабылдауын жақсартады.

Бағалы қағаздардың ұйымдастын нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Кор биржасын барынша озық халықаралық практикаға сәйкес дамыту мақсатында Ұлттық Банктің қор биржасының капиталына ұлесін азайту және стратегиялық әріптесті тарту мүмкіндігі қаралатын болады, бұл қор биржасының жарғылық капиталын ұлғайтуға, сондай-ақ оның сауда платформасын жаңғыртуға мүмкіндік береді. Бұл шара қор биржасы ұсынатын сервис пен спектрінің сапасына қолдау көрсету үшін пәрменді шаралар қабылдау, оның ішінде бағалы қағаздар нарығының барлық қатысуышылары үшін мобиЛЬДІК сервисті енгізу қажеттігіне байланысты. Кор биржасының негізгі жүйелері – сауда жүйесін, клирингтік жүйені, FIX-шлюздерін дамыту бойынша күш-жігерді шоғырландыру қажет, олар оған жаңа өнімдер енгізуге және сауда-саттыққа қатысуышыларға қор биржасының жүйелеріне рұқсаты бар меншікті ақпараттық жүйелерді дамыту үшін сапалы негіз беруге мүмкіндік береді.

Биржалық ақпараттық жүйелерді қорғау деңгейін арттыру, тұрақты жұмыс істеуді қамтамасыз ету маңызды аспект болып табылады. Басқа функционалдық элементтерге шектеулі ықпалы бар блоктардың біреуінен жұмыс істеуге іркіліс болған кезде құрауыш архитектураны дамыту бойынша іс-шараларды жалғастыру қажет.

Сонымен бірге тиімді жұмыс істейтін орталық қарсы агенттің болуы отандық биржа нарығының тиімділігін арттырудың қосымша шарасы болып табылады. Кор биржасының базасында жұмыс істейтін клирингтік палата, сол сияқты тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету және клирингтік қызметті реттеу қағидалары бар. Мәселен, қор биржасында биржа нарығында мәмілелер жасау кезінде қатысуышылардың тәуекелдерін тәмендету бойынша халықаралық практика – "T+2" жүйесі бойынша есеп айырысу кезінде ішінана қамтамасыз ету бойынша талаптардың болуы және валюта нарығында кепілді жарнаны енгізу туралы талаптың болуы қолданылады. Кор биржасы базасында орталық қарсы агент институтын ұйымдастыру ақылға қонымды болып табылады. Бұл биржа нарығында сауда-саттыққа құралдар мен қатысуышылардың кіруіне рұқсат беруден бастап, сауда-саттық үшін алаң беру, есеп айырысуды жүргізу, тәуекелдерді тәмендету құралдарын қолдану, дефолттарды реттеу үшін резервтік қорды ұйымдастыру жөніндегі қызметтердің аяқталған циклын ұсынуға мүмкіндік береді. Халықаралық практикада сауда-саттық бойынша қызметті жүзеге асыратын, барлық қатысуышыларға орталық қарсы агенттің қызметтерін бір мезгілде ұсынатын биржалық ұйымдардың (Жапонияның, АҚШ-тың, Онтүстік Кореяның және басқа елдердің биржалық ұйымдары) мысалдары бар.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманы қор нарығы үшін орталық қарсы агенттің қызметін жүзеге асыру жөніндегі нормаларды нақтылау бойынша жетілдіру бағытында іс-қимылдар қабылдау ұсынылады.

Тарату неттингі¹ тетігінің болуы барлық қатысушылар үшін сауда-саттықты үйымдастыру және жүргізу бойынша қызметтің үзіліссіздігін қамтамасыз етудің қосымша пәрменді тетігі болып табылады. Оған қоса, бұл тетік ашиқ нарықта жасалған мәмілелер бойынша дефолттарды неғұрлым тиімді реттеуге ықпал етеді.

Биржалық алаңдар жанынан жеке компаниялар үшін нарықты құру бүгінгі күні жалпы қабылданған әлемдік практика екендігін жеке атап өткен жөн, бұл компанияға инвестицияларды тартудың әдісін тандау мүмкіндігін беруге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көгілдір фишкалары бар тек классикалық "Main Board" жұмыс істейтін биржалар көп емес, өйткені соңғы уақытта биржалар жанынан ұлттық реттеушілер барлық жағдайларда реттей алмайтын шағын және орта капиталдандыру компанияларына арналған алаңдар құрылады.

Көр биржасының алаңында шағын және орта капиталдандыру компаниялары үшін ресми тізім секторын құруды ескере отырып, стартап-жобалар үшін жеке алаңы бар жеке компаниялар үшін жекелеген нарықты құру ұсынылады. Нарыққа қатысушыларға арналған негізгі басымдықтар:

- 1) компания листинг рәсімінен өтпей және жария компания мәртебесін алмай қаржыландыруды ала алады;
- 2) компания мәмілені жан-жақты талдау мүмкіндігімен инвесторлармен тікелей байланыс жасай алады;
- 3) инвестор сапалы стартап-жобаларға және бір терезе қағидаты бойынша тез дамып келе жатқан компанияларға қол жеткізе алады;
- 4) қор биржасы мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді

Оған қоса, листинг рәсімінің жоқтығын, сол сияқты осы компаниялардың болуы мүмкін тәуекелдерінің жоғары деңгейін ескере отырып, инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шараларды жүргізу қажет, ол алдын ала (көрсетілген мүмкіндікті енгізгенге дейін), сондай-ақ кейіннен үнемі және тұрақты жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте биржалық сауданың эволюциясы, жақын көрші – Ресейді мысалға алатын болсақ, биржалар нарықтың қажеттілігін ескере отырып, электрондық сауда алаңдарын (бұдан әрі – ЭСА) құру арқылы өз қызметінің аясын кеңейткендігін көрсетеді. Соның нәтижесінде ЭСА жеке технологиялық платформалар және бизнес жобалар болды.

Қазақстанда ЭСА бар – ол көбіне жекелеген үйымдарға не корпоративтік топтарға қызмет көрсететін монааландар. Бірақ мұндай жұмыс сипаты әрқашан тиімділікке қол

жеткізуге мүмкіндік бермейді, өйткені қатысушылардың саны шектеулі болады және болашақта бәсекелестік тәмендейді.

Кор биржасында сақтандыру бойынша ЭСА-ны енгізу мемлекеттің мамандандырылған IT-платформаны дамыту жөніндегі саясатына, сондай-ақ ашықтылық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету, реттеу тетігін құру және қор биржасының ішкі қағидаларын әзірлеу бөлігінде сатып аруды жүргізу тетігін қайта қарау мәселелеріне сәйкес келеді. Жұмыс биржаға қатысушы – брокерлер арқылы ғана жүзеге асырылады. Клиринг және есеп айырысалар мәмілені жасау және талаптарын орындау фактісі бойынша жүргізіледі, бұл активтерді жеткізбеу не төлемеу тәуекелін болдырмайды, бұл тәуекел-менеджмент жүйесіне сәйкес келеді.

Сонымен бірге бағалы қағаздар нарығына шетелдік кәсіби қатысушылардың және инвесторлардың ұлттық нарыққа қолжетімділігі үшін және соның нәтижесінде Қазақстан қор нарығының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қор биржасының сауда платформасына қашықтан қол жеткізу жүйесін дамыту жоспарланып отыр. Сондай-ақ елдер бойынша S&P, FTSE, MSCI жіктеуіштерінде қор нарығының позицияларын жақсартуға бағытталған іс-шараларды жүргізу инвестициялық тартымдылықты жақсартуға айтарлықтай үлес қосады. Жіктеуіштерде мәртебені көтеру "Emerging" төмен мәртебесі бар нарықтарда инвестицияларға шектеулердің болуына байланысты шетелдік институционалдық инвесторлар базасының өсуіне ықпал етеді. Қазақстанның позициясын бұдан әрі жақсарту үшін бірқатар көрсеткіштерге қол жеткізу, оның ішінде нарықтың өтімділігін айтарлықтай көтеру қажет. Қазақстанның позицияларын тиісінше жақсарту елге жаңа шетелдік инвесторларды тартуға, сондай-ақ қазіргі инвесторларды белсенділікке ынталандыруға мүмкіндік береді.

4.2 Қор нарығында сұранысты ынталандыру

Кор нарығында "тұғырлы" институционалдық инвесторларды қалыптастыру

Нарықта инвесторлардың, оның институционалдық инвесторлардың көп санын қалыптастыру арқылы қор нарығының өтімділігін арттыру қажет. Институционалдық инвесторлар өздерінің активтерін, сол сияқты клиенттік активтерді кәсіби басқаратын нарықтағы неғұрлым ірі инвесторлар болып табылды. Олардың іргелі талдау негізінде қалыптасқан ұзақ мерзімді инвестициялық жоспарлары және активтің әділ құны туралы қалыптасқан пікірі бар. Осыған байланысты институционалдық инвесторлар баға белгілеуде, әсіресе, бастапқы нарықта баға белгілеуде негізгі рөл атқарады. Қайталама нарықтың терендігі және алыштарлыққа қатысты оның орнықтылығы оларға байланысты болады.

Қазақстанда 2013 жылға дейін жеке зейнетакы қорлары институционалдық инвесторлар ретінде жұмыс істеді. Кейіннен зейнетакы активтерін біріктіру және

оларды мемлекеттік басқарушыға басқаруға беру қор нарығының дамуына теріс әсер етті. Инвестициялық шешімдерді қабылдау процесін монополияландыру бастапқы нарық құрылымының сапалық нашарлауына әкелді және қайталама нарықта операциялар көлемін айтарлықтай қысқартты. Нәтижесінде, инвесторлық база азайып, қазақстандық компаниялардың банктік емес қаржыландыруды тартуы қындарды.

Қазіргі кезде бағалы қағаздар нарығының дамуы үшін зейнетақы активтерін басқарушылар институтын қалпына келтіруге және бәсекелес нарық жағдайында тиімді басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдау қажет. Сонымен бірге зейнетақы активтері кірістілігінің жоғалуына әкеп соққан зейнетақы қорларын реттеудің кемшіліктерін ескеру қажет, бұл кейіннен жеке зейнетақы қорларының бірігуіне әкеп соққан себептердің бірі болды.

Салымшыларға басқарушыны, оның ішінде бірнеше басқарушыны ақпараттық таңдау құқығын беру мәселесі маңызды болып табылады. Реттеу отандық әмитенттердің емес, салымшылардың мұдделерін сақтауға бағытталуға тиіс. Ол білікті инвесторға басқару тиімділігін салыстыруға мүмкіндік беретін ашу бойынша талаптарды, тәуекел метрикаларының жиынтығын қоса алғанда, есептілік және тәуекел бойынша түзетілген кірістілік бойынша талаптарды қамтуға тиіс. Басқарушылар салымшылардың мұдделері үшін іс-қимыл жасау қабілеттілігінде барынша еркін болуға, бірақ сол сияқты салымшылар алдында тиімсіз қызметі үшін фидуциарлық жауапкершілік және заң алдында салымшылардың сенімін теріс пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілік атқаруға тиіс.

Сондай-ақ қаржы нарығындағы инвесторлардың санын арттыру мақсатында екінші деңгейдегі банктерге, сақтандыру ұйымдарына, олардың холдингтері мен еншілес ұйымдарына сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының аясын кеңейту, сондай-ақ инвестициялық қорлар құру және олардың жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды ырықтандыру қажет.

Сонымен бірге институционалдық инвесторлардың қосымша тобын құру мақсатында, инвестициялаудың ұжымдық схемасы шеңберінде халықтың ерікті зейнетақы жинақтарын қалыптастыруын ынталандырудың пәрменді тетіктерін әзірлеу қажет.

Сонымен қатар бұғынгі күні халықаралық тәжірибеде өмірді сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметті жүзеге асыру бойынша өкілеттіктерінің ауқымы кең және мұндай компаниялардың сақтандыру қызметінен алғын кірістерін инвестициялық қызметтен түсетін кірістермен салыстыруға болады және кейбір жағдайда одан төмен болуы мүмкін. Сақтандыру компанияларының қаржы нарығында операцияларды жүзеге асырулары үшін сақтанушылар инвестициялық басқаруды өмірді сақтандырумен (unit-linked) қатар атқарады және сақтандырушының табысына қатысады. Қаржы құралының берілген түрі классикалық өмірді жинақтаушы сақтандырудан басталады.

Аталған қаржы құралын енгізу мақсатында инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық қызметте белгілі бір шектеулер белгілей отырып, активтерді инвестициялық басқаруға беру құқығымен қатар, өмірді сақтандыру компанияларына инвестициялық портфельді дербес басқаруға лицензия алуына мүмкіндік ұсыну қажет.

Unit-linked бағдарламасын дамыту Қазақстан Республикасының халқына ұзақ мерзімді жинақтауды және инвестициялық жинақ ақшаны қамтамасыз етуге, капиталды мұрагерлеріне беру үшін оны қалыптастыруға және жинақтауға, аз ғана бастапқы сомамен шетелдік активтерге инвестициялауға, сондай-ақ шет елдегі капиталды сақтауға және көбейтуге мүмкіндік береді.

Одан басқа, инвестициялық тартымды және қолжетімді қаржы құралдарының аясын кеңейту мақсаттарында инвесторлардың кең ауқымы үшін, бірінші кезекте, жергілікті жекелеген инвесторлар үшін отандық қор нарығында "биржалық инвестициялық қорлардың" (ETF), венчурлық қорлардың, хедж қорлардың, краудфандинг және басқа құралдардың айналысы үшін жағдайлар жасау қажет.

Аталған шара бір мезгілде екі міндетті шешуге мүмкіндік береді - жергілікті жекелеген инвесторларға шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарына қолжетімділігін қамтамасыз етіп, бір мезгілде Қазақстанның ішкі нарығында айналысқа түсетін ақшаның отандық қор биржасындағы өтімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Кор нарығына қатысуышылардың заңды құқықтары мен мұдделерін қорғау

Бұгінгі күні Қазақстан Республикасында инвесторларға Форекс нарығында шетелдік валютаны сатуға қолжетімділік ұсыну қызметтерін белсенді жарнамалайтын бірқатар ұйымдар қызмет етеді.

Қаржы делдалдарының мұндай түрі қазақстандық қор нарығының лицензиаттары болып табылмайды және Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдарының ресми дереккөздерінде олардың қызметі туралы ақпарат жоқ.

Аталған нарыққа қолжетімділік ұсынатын Форекс-дилерлердің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелмейді және бұл олардың делдалдық қызметтер көрсете отырып, түрлі нарықтарда қаржы құралдарын сатуға инвесторлар тартуына мүмкіндік береді, ол, өз кезегінде Қазақстан Республикасының валюталық реттеу туралы заңнамасын бұзыға, алаяқтық, салық төлеуден жалтару, активтерді Қазақстанның шет елге әкету, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтары мен мұдделерін бұзу және олардың жосықсыз әрекет жасау жағдайларының туындауымен байланысты белгілі бір тәуекелдер туғызады.

Осыған байланысты, Форекс нарығына кіру үшін реттелмейтін субъектілердің қызметтерін пайдаланумен байланысты жағдайларды реттеу үшін қазақстандық инвесторларға уәкілетті органдың лицензиясы жоқ барлық субъектілер үшін мұндай қызмет түрін ұсынуға тыйым салуды белгілеу қажет.

Сонымен бірге қор нарығын тиімді дамыту үшін инвестициялар ұдайы құйылып тұруы қажет. Осы орайда, қазіргі уақытта түрлі елдер инвесторларды және олардың инвестицияларын қорғаудың озық тетіктерін енгізуде. Мысалы инвестиацияларға кепілдік беретін арнары институттар құрылуда. Мәселен, 1970 жылы АҚШ-та инвестордың брокердің инвестиациялық шотындағы қаржысының банкротқа ұшырауы және/немесе брокердің өз міндеттемелерін орындауы (жылына 500 мың АҚШ долларынан көп емес) тәуекелінен қорғауды қамтамасыз ететін Инвесторларды қорғау жөніндегі корпорация құрылды, Испанияда клиенттерге компанияның төлеуге қабілетсіздігі немесе басқа себептер бойынша оларды қайтара алмайтын инвестиациялық компанияларға басқаруға сеніп тапсырылған ақша қаражатын немесе қаржы құралдарын (100 мың euroға дейін) қайтаруға мүмкіндік беретін Инвестицияларға кепілдік беру қоры құрылды.

Аталған жағдайды ескере отырып, отандық қор нарығында да жергілікті, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың мұдделерін қорғаудың қосымша тетігін енгізу мақсатында қор нарығында инвестиацияларға кепілдік беру жүйесін құру мүмкіндігі қарастыру жоспарлануда.

Бұған қосымша, бағалы қағаздар нарығының тәуекелдерді бағалау және активтердің әділ бағасын белгілеу қабілеті қолданылатын ақпараттың сапасына байланысты екенін атап өту қажет. Аудиторлық ұйымдардың қызметінің нәтижелерін қадағалаушы және реттеуші шешімдер қабылдау кезінде инвесторлар және қаржы ұйымдарының тұтынушыларымен қатар, қаржы реттеуші кеңінен қолданады. Эмитенттердің аудит жүргізілген қаржылық есептілігі дұрыстылығының төмен болуы және тәуекелдерді жете бағаламауға және одан болатын барлық себеп-салдарға әкеліп соғады.

Аудиторлық ұйымдардың аудит жүргізу кезінде кейіннен тәуелсіздік қагидатының бұзылуына және дәйексіз аудиторлық есеп жасауға әкеп соғатын мұдделер қақтығысы жағдайларының туындастының тәжірибе көрсетіп отыр. Нәтижесінде мұның барлығы инвесторлар мен мемлекеттің айтарлықтай шығынға ұшырауына әкеліп соғуы мүмкін.

Мұндай қақтығысты еңсеру аудиторлық компаниялардың басшылығынан айтарлықтай күш-жігер салуды және олардың жауапкершілігін күшейту жағына қарай реттеу жүйесін жетілдіруді талап етеді. Сондықтан да аудит сапасын, аудиторлардың біліктілік деңгейін және аудиторлық ұйымдардың нарыққа қатысушылардың қаржылық жай-күйінің нашарлауы туралы ақпаратты жасырғаны, сондай-ақ практиканы тиісінше жүргізбегені және фидуциарлық міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігін арттыру басым міндет болып табылады. Сонымен бірге корпоративтік басқаруды және әмитенттердің ақпаратты ашу жүйесін одан әрі жетілдіру қажет, сондай-ақ күш-жігерді әмитенттердің және олардың тәуекелдерді басқару жүйесінің айқындылығын арттыруға бағыттау қажет.

Одан басқа, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметтерін пайдаланатын тұрғындардың құқықтары мен мұдделерін брокерлік ұйымдардың заңға

қарсы ықтимал іс-әрекеттерінен қорғау мақсатында брокерлердің жеке кабинетті пайдалану арқылы өз клиенттеріне электрондық қызмет көрсетуі үшін сауда-саттық платформаларын пайдалануын ынталандыру жоспарланып отыр.

Қаржылық сауаттылықты арттыру

Әлемдік қаржы жүйесінің даму үрдістері, қаржы секторында жаңа технологияларды дамыту, күрделі қаржы өнімдерінің және қаржы құралдарының пайда болуы халықта экономиканың өсуінің және халықтың әл-ауқатының өсуінің ажырамас талабы болып табылатын қаржылық сауаттылықтың жеткілікті деңгейінің болуын талап етеді.

Азаматтарда қаржылық білімнің, бюджетті жоспарлау және қаржы ұйымдарының тарапынан қаржы өнімдерін агрессивті жарнамалау аясында осындай өнімдерді пайдалану жөнінде сараланған шешімдер қабылдау дағдыларының болмауы ұлттық деңгейдегі проблемаларға өршуі мүмкін айтартылғатай диспропорциялар мен тәуекелдердің жинақталуына әкеледі.

Осыған байланысты халықтың қаржылық сауаттылығын және инвестициялық мәдениетін арттыру мақсатында Қазақстанның өнірлерінде әлеуетті әмитенттер мен инвесторлар үшін семинарлар өткізіп, мақалалар, радио- және телебағдарламалар мен үйрететін полиграфиялық өнім дайындау қажет.

Бұдан басқа қор нарығының жұмыс істеуі және оның шеңберінде пайдаланылатын өнімдер мен құралдар саласында халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында халық арасында қор биржасының базасында кең көлемді "Биржалық ынталандырушы" білім беру жобасын өткізу жоспарланып отыр.

4.3 Қор нарығындағы ұсынысты ынталандыру

Қор нарығындағы инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту

Қазіргі уақытта Ұлттық Банк мемлекеттік бағалы қағаздардың айнымалы кірістілігін қалыптастыру жұмысын жүргізуде, ол әртүрлі қаржы активтерінің бағасын бағалауға негіз болып, туынды қаржы құралдарының нарығын дамытуға септігін тигізетін болады, сондай-ақ төрелікті жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалау арқылы бағалы қағаздар нарығының тиімділігін айқындауға көмектеседі. Алайда қор нарығында тиімді баға құрау үшін қажет барабар айнымалы кірістілікті қалыптастыру үшін мемлекеттік бағалы қағаздардың өтімді нарығы талап етіледі.

Қазіргі кезде мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы проблемаларының бірі – әр шығарылымының өз бірегей өтеу күні болатын айналыстағы шығарылымдарды фрагменттеудің жоғары болуы (анықтама үшін: 2017 жылғы тамыздың басындағы жағдай бойынша айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымдарының саны Ұлттық Банк ноттарын есепке алмағанда 150 данадан асады). Бұл ретте көлемінің аз болуына байланысты олардың барлығы дерлік Buy&Hold сияқты ұстаушылардың шектеулі тобында шоғырланған. Әлемдік тәжірибе айналыстағы мемлекеттік бағалы

қағаздардың оңтайлы саны ұстаушылары Buy&Hold қана емес, сондай-ақ белсенді ойыншылар да болатын 20-30 ірі шығарылым болып есептелетінін көрсетіп отыр. Шығарылымдар санының аз және көлемінің жоғары болуы нарықтағы қағаздардың қажетті айналысын қамтамасыз етеді, бұл өтімділіктің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Осылайша, ағымдағы жағдайларда мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының өтімділігін арттыру бойынша анағұрлым пәрменді шаралар әмитенттің тарапында іске асырылуы мүмкін. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын қайта құрылымдау бойынша нақты құрылған стратегияның нарық өтімділігіне ұзақ мерзімді оң әсері болады.

Сонымен бірге, фискалдық органдар шығарылымдарды олардың мерзімділігін, бар шығарылымдардың өтелімдерін, бюджеттің қаржыландыру қажеттілігін ескере отырып жоспарлауға тиіс. Мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымы бойынша жоспарлар мен кестелерді күні бұрын жария етудің үлкен маңызы бар. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамытуға бағытталған шаралар ұзақ мерзімді перспективада нарық өтімділігінің ерекшеліктерін елеулі түрде жақсартуға, олай болса, өзге құралдардың құнын бағалауға негіз болатын Қазақстан нарығындағы активтердің тәуекелсіз құнын қалыптастыруға мүмкіндік беретін болады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамыту бойынша қосымша шара ретінде бірқатар ең аз біліктілік шектеулерін айқындаі отырып, бастапқы нарыққа тең қолжетімділігі болатын ұйымдар тізімін кеңейтуді қарастыру қажет. Нарыққа тең қолжетімділігі бар қатысушылар қатарын ұлғайту нарықтың өтімділігін, бәсеке ортаны және ондағы баға құрау тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді, бұл басқасынан өзге Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарға қызмет көрсету жөніндегі пайыздық шығыстарын төмендетуге септігін тигізетін болады. Жаңа ойыншылар кіру (controllability) мүмкіндігі кезіндегі қатысушылар санының жеткілікті болуы бастапқы баға құраудың қажетті транспаренттілігіне септігін тигізеді және "картель" әрекеттерінің тәуекелдерін азайтады.

Сонымен бірге бастапқы дилерлер үшін бірқатар біліктілік шектеулерін (мысалы, технологиялық инфрақұрылымның болуы және басқалар) сақтай отырып, көрсетілген мәселені шешуде теңгерімді тәсіл ұстану (бастапқы дилерлер тізімін мейлінше кеңейтуді қолданбастан) қажет. Бұл ретте бастапқы дилерлерге қойылатын өзге нарықтық емес талаптарды енгізуінің қарсы өнімді әсері болады, ол мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында баға құрауды бұрмалаумен көрінеді, бастапқы нарықта қатысушылар санының төмендеуіне әкеп соқтырады және бастапқы дилер комиссиясын арттырады. Түпкілікті нәтижесінде мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығының өтімділігі де зардап шегеді. Айтылғандарды ескерсек, сатып алудың ең аз көлемі, қатысу жиілігі, түзетулер спредін қолдау және басқалар бойынша талаптар сияқты әкімшілік сипаттағы талаптарды енгізу орынсыз.

Сонымен қатар халық үшін мамандандырылған мемлекеттік бағалы қағаздар шығару қор нарығындағы ұсынысты ынталандыру үшін басқа маңызды шара болады, сондай-ақ алтын және валюта жұбы базалық активі болатын туынды қаржы құралдарын шығару мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Қор нарығының өтімділігі бағалы қағаздар нарығында айналыстағы қаржы құралдарының түріне де байланысты. Мысалы, банктік депозиттік сертификаттарды ендіру – инвестициялауға ұсынылатын қаржы құралдарының тізімін кеңейту тәсілі ғана емес, сондай-ақ өзге де бірқатар мәселелерді, оның ішінде тікелей банктерді қорландыру бөлігінде шешуге мүмкіндік береді. Депозиттер тарту алаңында клиенттер үшін күшті бәсекелестік күрес нәтижесінде екінші деңгейдегі банктер клиенттерге депозиттер бойынша жоғары мөлшерлемелер ғана емес, сондай-ақ депозит мерзімдері бойынша өте икемді талаптар да ұсынуға мәжбүр болатын жағдайда болады, бұл белгілі бір тәуекелдерге әкеп соқтырады. Банктік депозиттік сертификаттардың болуы екінші деңгейдегі банктерге депозиттер тарту есебінен өздерінің қорландыру базасын мейлінше тиімді құруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге жыл сайын фермерлер үшін де қаржыландыруға қол жеткізу курделеніп бара жатыр. Бұл ретте қаржыландыруға қолжетімділік сандық жағынан да, сапалық жағынан да төмендеп жатыр. Атап айтқанда, қаржыландыру көлемі де, агроОнеркәсіптік кешендегі (бұдан әрі – АӨК) ұзақ және қымбат емес ақша үлесі де қысқаруда.

АӨК-ті қаржыландыру проблемасын шешу үшін Бразилияның және Украинаның аграрлық қолхаттар (Private agricultural bonds) ендіру тәжірибесін қарастыру қажет.

Қазақстанның электрондық астық қолхаттарын (заңнамамен эмиссиялық емес бағалы қағаздарға жатқызылған) мемлекеттік тізілімін құрудағы табысты тәжірибесі ең қысқа мерзімдерде электрондық аграрлық қолхаттар тізілімін кеңейтуге және шын мәнінде алғаш рет АӨК үшін цифрлық краудфандинг алаңын құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тәуекелдерді толық көлемде өтеу және сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асыру отандық капитал нарығының сыйымдылығы мен өтімділігін ұлғайту мақсатында қазақстандық тәжірибеде апаттық облигацияларды ендіру және пайдалану мүмкіндігі қарастырылатын болады. Бұл облигациялар инвесторлардың активтерді әртаратандыруына және осылайша кең ауқымды апат жағдайында эмитенттің негізгі соманы төлемеу тәуекелін өтей отырып мейлінше жоғары пайыздық мөлшерлеме төлеуіне мүмкіндік береді.

Қолданыстағы ұлттық заңнамаға сәйкес исламдық бағалы қағаздарға исламдық инвестициялық қорлардың акциялары мен пайлары, исламдық жалдау сертификаттары, исламдық қатысу сертификаттары жатады. Бұл ретте халықаралық стандарттарға сәйкес исламдық бағалы қағаздардың 14 түрлі түрі бар. Осыған байланысты, қазіргі

кезде отандық бағалы қағаздар нарығын жандандыру мақсатында шығарылуы мен айналыста болуы қолданыстағы қазақстандық заңнамада көзделмеген исламдық бағалы қағаздар тізбесін кеңейту қажеттілігінің уақыты келді.

Эмитенттерді қор биржасының алаңында орналастыруға ынталандыру жүйесін құру

Қазақстан Республикасында бүгінгі күні қор биржасына кіретін инвесторлар үшін салықтық женілдіктер бар, алайда бұл IPO-ға және корпоративтік эмитенттер бағалы қағаздарының ұйымдастасқан нарығына акциялардың шығуын аздап ынталандырады.

Осыланысты қазақстандық эмитенттер шығарған қаржы құралдарын ұлттық қор нарығына шығаруға олардың қызығушылығының болмау себептеріне талдау жүргізіліп, оларды салықтық тұрғыдан да ынталандыру мәселесі қаралатын болады.

Сонымен бірге корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін төмендету нысанында салық женілдіктерін қолдану жолымен компанияларды қор нарығына шығуға ынталандырудағы, сондай-ақ компаниялардың белгілі бір санатының қор нарығына шығуына қойылатын талаптарды заңнамалық тұрғыда белгілеудегі халықаралық тәжірибе осындай шаралардың орынды екенін және жоғары нәтижелерге алып келгенін көрсетіп отыр. Атап айтқанда, 1960 – 1980 жылдардағы кезеңде Оңтүстік Кореяда бағалы қағаздары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыста болмаған компаниялар үшін бір мезгілде бірқатар шектеулер енгізе отырып, қор нарығына шығатын компаниялар үшін салық женілдіктері қамтылған шаралар кешені қолданылған болатын. Осындай заңнама ендірілген күннен бастап бірнеше жыл бойы листингтен өткен және IPO өткізген компаниялар саны едәуір өскен және қазіргі кезде Оңтүстік Кореяның қор нарығы және жалпы ел экономикасы әлемдегі ең дамығандардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі қор нарығын дамыту бойынша қажетті нәтижелерге қол жеткізген соң мұндай нормалар заңнамадан алып тасталды.

Биржа нарығы көпшілік алдында компания қызметінің, сәйкесінше жалпы алғанда ел экономикасының ашықтығын қамтамасыз етеді. Компаниялардың IPO өткізуі және олардың бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу компаниядан компанияны басқарудың жаңа сапалы деңгейіне көшуді, оның ішінде есептілік жасау сапасын арттыруды, компания қызметінің барлық спектрлары туралы ақпаратты ашу мен ұсынуды талап етеді.

Бұл ретте мемлекет меншік иесі ретінде ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік сектор компанияларын нарыққа шығаруға мүдделі болуы тиіс, өйткені бұл шаралар бәрінен бұрын корпоративтік басқарудың және олардың қызметінің айқындылығын жақсартуға мүмкіндік береді, ал ол бизнестің тұрақты дамуына және орнықтылығына қол жеткізуге ықпал етеді, бұл жалпы ұлттық экономикаға оң әсерін тигізеді. Мемлекеттік монополистердің акцияларын биржада орналастыру үшін табиғи монополиялардың тарифін қалыптастырудың танымал емес реформасын қабылдау қажет болады. Бұған қарамастан мұндай реформа инфрақұрылым сапасын жақсартады,

экономиканың аралас секторларында дамытуға жол ашады, меншік иелері санатын кеңейтеді. Мысалы, КЕГОК-ты IPO-ға шығару үшін компанияның сол кезде инвесторларды тарту үшін инвестицияланған капиталға жеткілікті кірістілігін қамтамасыз етпеген тарифті қалыптастыруын қайта қарау қажет болды. Кейіннен тарифтерді реформалау нәтижесінде КЕГОК субсидиялар алмастан жаңа желілер мен шағын станциялардағы құрылышты қаржыландырды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы қор нарығының биржа алаңдарында орналастырылатын бағалы қағаздарды шетелдік нарықтарда орналастырмас бұрын олардың көлемінің ең төмен шекті мәнін қайта қарау мүмкіндігін қарастыру жоспарланады.

Орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, экономиканың басым секторларын қаржыландыру үшін ресурстарды тарту, сондай-ақ халық үшін ақша жинақтау және инвестициялау объектілерін құру үшін жаңа қаржы құралдарын жасау қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстанда инвестициялық шешімдер қабылдау барысында мемлекеттің маңызды рөлі байқалады. Бұл ретте бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметімен Ұлттық Банк секторынан бастап агроОнеркәсіп секторына дейінгі түрлі экономика секторларына қолдау көрсетуде.

Сонымен бірге қор нарығы көрсетілетін қолдауды тиімді бөлу тетігі бола алады.

Осыған байланысты экономиканың нақты секторындағы қазақстандық кәсіпорындар шығарған облигацияларды қор биржасында орналастыруды міндettі түрде талап ете отырып, мемлекеттік қолдау көрсету шаралары шеңберінде осындағы облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені толық немесе ішінара өтеу тетігін енгізу мәселесін зерделеу қажет.

Сонымен қатар тұрғын үй құрылышын дамыту мақсатында ипотекалық және тұрғын үй қарыздары бойынша екінші оператор институтын жетілдіру әрі кредиттік портфельдер бойынша тәуекелдерді стандарттау, ипотекалық кредиттеу көлемін арттыру, сондай-ақ халықтың ипотека арқылы тұрғын үй алу мүмкіндігін кеңейту мақсатында ипотекалық облигацияларды кейіннен қор биржасына орналастыру мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Бұл шаралар экономиканың түрлі салаларын, оның ішінде экономиканың қаржы секторы мен нақты секторын дамытуға мультиплікативті әсерін тигізеді.

Каржы секторында жаңа технологиялық шешімдерді пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту

Әдетте қаржы секторы инновациялық технологияны ендіруде көш алдында тұр. Қазіргі кезде банктердің барлығы дерлік қашықтағы арналар арқылы өз клиенттеріне қызмет көрсетеді. Мысалы, банктердің 70 %-ы жеке тұлғаларға Интернет пен мобильді банкинг арқылы қызмет көрсетеді. Банктердің 55 %-ы мобильді қосымша базасында өз қызметін көрсетеді. Цифрлық технологияларды қолдана отырып қызмет көрсететін операциялар көлемі жоғары өсу қарқынын көрсетеді. Мәселен, жеке тұлғалардың

Интернет/мобильді банкингті қолданған төлемдерінің көлемі 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 2,3 есе қебейген.

Цифрлық технологияларды дамытудың ағымдағы құбылысын ескере отырып, жаңа қатысушыларды тарту және жеке инвесторлар үшін қор нарығына енуін жеңілдету мақсатында брокерлердің электрондық қызмет көрсету тәртібін бұдан әрі оңтайландыру, серпінді идентификаттауды, электрондық цифрлық қолтаңбаны және электрондық құжат айналымын қолдану мүмкіндігін кеңейту жоспарлануда. Мысалы, Ұлттық Банктің жоспарларына сәйкес брокерлер көрсететін электрондық қызметтерді пайдаланушылар саны 2017 жылы 22 мыңдан 2021 жылы 30 мыңға дейін өседі.

Нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Оның ішінде жылдар бойынша				
				2016	2017	2018	2019
Брокерлік үйымдар көрсететін электрондық қызметтерді пайдаланушылар саны	Брокерлік үйымдардың деректері	Пайдаланушылар саны	22 000		22 500	23 000	24 000

Бұдан басқа, мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жобасының шеңберінде веб/мобильді қосымшаны әзірлеу, сондай-ақ электрондық ақшамен төлеу арқылы қаржы құралдарын сатып алу үшін жағдай жасау көзделеді. Мысалы, веб/мобильді қосымша арқылы жеке тұлғаларға Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын электрондық ақшаға сатып алу/сату мүмкіндігі берілетін болады. Бұл жоба жеке тұлғаларға веб/мобильді қосымшаға кіре алуына және электрондық ақшасының болуына орай бағалы қағаздар нарығының көсіби қатысушыларының қызметін пайдаланбастан, қашықтан және тәуліктің кез келген уақытында Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарымен мәмілелер жасауына мүмкіндік береді, сөйтіп жеке тұлғалардың бағалы қағаздар нарығына жеңіл түрде қолжеткізуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, эмитенттердің бағалы қағаздар нарығына шығуын жеңілдету мақсатында бағалы қағаздар шығарылымы проспектінің электрондық форматына кезең-кезеңмен ауысуын және оның қаржылық есептілік депозитарийіне эмитенттер орналастырған ақпарат негізінде автоматты түрде жаңғыруын қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығаруға байланысты рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру қажет. Бұдан басқа, акционерлердің жалпы жиналышында электрондық дауыс беру мүмкіндігімен қамтамасыз ету талап етіледі.

4.4 Халықаралық ынтымақтастық

Дүниежүзілік сауда үйымымен және Бірыңғай экономикалық кеңістікпен ықпалдасу жағдайларында Отандық қор нарығының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету кең

ауқымды сапалы қызметтерді, оның ішінде шетелдік қор нарықтарында да көрсететін мықты ойыншылардың болуын талап етеді.

Осыған орай, Ұлттық Банктің Халықаралық бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялар үйымының (бұдан әрі – IOSCO) меморандумына қосылуы және қазақстандық үйымдардың ISDA қатысу мүмкіндігін жеңілдету ерекше маңызға ие болады.

IOSCO үйымының консультация, ынтымақтастық және ақпарат алмасу мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы көп жақты меморандумына (IOSCO MMoU) қол қою Қазақстанға IOSCO-мен өзара тиімді іс-қимыл жасауды қамтамасыз етуге, осы үйымның комитеттері мен жұмыс топтарының қызметіне қатысуға мүмкіндік береді және жалпы қаржы нарығын реттеу мен қадағалаудың басты мәселелері бойынша тиімді ақпарат алмасуға ықпал ететін болады.

5. Жоспарды іске асырудан күтілетін нәтижелер

Қор нарығын дамытудың негізгі көрсеткіштері бойынша жоспар сөтті іске асырылған жағдайда, 2021 жылға қарай мынадай нысаналы бағыттарға қол жеткізу жоспарланып отыр:

- 1) KASE акцияларының нарығын ГЖӨ-ге капиталдандыру кемінде 50 %;
- 2) KASE облигацияларының нарығын ГЖӨ-ге капиталдандыру кемінде 30 %;
- 3) KASE индексінің өкілдік тізімі – Қазақстан эмитенттерінің кемінде 10 акциясы;
- 4) KASE-нің реєр тізіміндегі листингтік компаниялар саны – кемінде 250;
- 5) зейнетакы активтерін 4-6 жеке басқарушы компанияға беру;
- 6) қор нарығында бағалы қағаздармен және валютамен операциялар бойынша орталық қарсы агенттің болуы;

7) Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің "Ішкі қор нарығында қаржыландыру алу" индикаторы бойынша Қазақстан Республикасының позициясы 87-ші орыннан төмен емес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің және Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкінің
Ұлттық қор нарығын
дамыту жөніндегі 2018 – 2021
жылдарға арналған
бірлескен іс-қимыл
жоспарына қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің ұлттық қор нарығын дамыту жөніндегі 2018 – 2021 жылдарға арналған
бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

P/ с №	Iс-шаралар	Аяқтау нысаны	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
Қор нарығының инфрақұрылымын және реттелуін жетілдіру				
Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттеуді ырықтандыру				
1.	Уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде брокерлерге банк операцияларының жекелеген түрлерін (ағымдағы шоттарды ашу мен жүргізу, аударым операцияларын жүзеге асыру, қолма-қол емес шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру) жүзеге асыру мүмкіндігін беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
2.	Брокерлерге және олардың клиенттеріне биржалық валюта нарығына қолжетімділікті беру мүмкіндігін қарая	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
3.	Брокерлер және олардың клиенттері қор нарығында жасайтын маржиналдық мәмілелерді жүзеге асыру тетіктерін қайта қарая	Ұ Б Басқармасының қаулысы	2019 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
4.	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысуышылары өздеріне қабылдаған тәуекелдерге және орындастын операцияларына байланысты оларды пруденциялық реттеуді жетілдіру	Ұ Б Басқармасының қаулысы	2019 жылғы қыркүйек	ҰБ (келісім бойынша)
5.	Реттеу мен қадағалаудың халықаралық қағидаттарын және стандарттарын ескере отырып, брокерлік ұйымдарға және инвестициялық портфельді басқарушыларға қатысты тәуекелге бағдарланған қадағалау рәсімдерін жетілдіру арқылы алдын ала қадағалау және құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесіне өту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
6.	ISDA халықаралық стандарттарын ескере отырып туынды қаржы құралдарына қатысты реттеуіш ортаны жетілдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині
7.	Ақшаны жылystаумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) халықаралық стандарттарын ескере отырып КЖ/ТҚҚ мақсатында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысуышылардың Ішкі бақылау қағидаларында көзделген клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасын іске асырған сәйкестендіру рәсімдерін женилдету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, ҚҚҚ (келісім бойынша)
8.	Бағалы қағаздар нарығының шетелдік кәсіби қатысуышыларына және инвесторларға ұлттық нарыққа колжетімділік рәсімдерін женилдету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша), ҚҚҚ (келісім бойынша)

9.	Каржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін келісу рәсімдерін жетілдіру	заң жобасының тұжырымдамасын ВАҚ-ка енгізу	2020 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
10.	Мемлекеттік емес бағалы қағаздарды шығаруға байланысты рұқсат беру рәсімдерін женілдету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
11.	Ұлттық рейтингтік агенттіктер бойынша және рейтингтері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын рейтингтік агенттіктерге қатысты реттеу режимін жасау қажеттілігі мәселесін карау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), ҰКП (келісім бойынша), ҚҚҚ (келісім бойынша)
12.	Каржылық есептілік депозитарийінің және көр биржасының интернет-ресурсында ақпарат орналастыру бойынша, оның ішінде эмитенттің қызметі туралы ақпаратты орналастырган кезде "бір терезені" пайдалану арқылы рәсімдерді женілдету	Ұ Б Басқармасының қаулысы	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), АЕО (келісім бойынша) KASE (келісім бойынша)
13.	Көр нарығындағы әкімшілік жауапкершілік шаралары жүйесін ырықтандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)

Каржы құралдарымен есеп айырысу және мәмілелерді тіркеу жүйесін жетілдіру

14.	Орталық депозитарийге тіркеушіні косу арқылы оның базасында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу жөніндегі бірынғай есепке алу орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша), БҚОД (келісім бойынша), БҚБТ (келісім бойынша)
15.	Clearstream және Euroclear депозитарлық жүйелерге ұқсас орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бағалы қағаздарды және ақшаны есепке алу үшін бірынғай шотты жүргізу	Ұ Б Басқармасының қаулысы, БҚОД ішкі құжаттары	2019 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), БҚОД (келісім бойынша)
16.	Орталық депозитарийдің көрсетілетін қызметтерін одан әрі автоматтандыру және оның клиенттерінің осы көрсетілетін қызметтерге қашықтан кіру рәсімдерін жетілдіру	ҰБ-ға ақпарат	2018 – 2021 жылдар	БҚОД (келісім бойынша)
17.	Бағалы қағаздар биржадан тыс нарығының ықпалдасқан ақпараттық жүйесін құру	пайдалануға енгізу актісі	2019 жылғы желтоқсан	БҚОД (келісім бойынша)
18.	G20 ұсынымдарын ескере отырып сауда репозиторийінің базасында туынды қаржы құралдарымен барлық биржадан тыс транзакциялар бойынша орталықтандырылған электрондық есепке алушы жетілдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша), БҚОД (келісім бойынша)
19.	"Жоғалып кеткен/қайтыс болған" акционерлердің активтерін қайтару (есептен шығару) тетігін айқындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, ҚҚҚ (келісім бойынша)
	Үәкілетті орган бағалы қағаздарға беретін ұлттық сәйкестендіру номірлерінен орталық			ҰБ (келісім бойынша),

20	депозитарий беретін халықаралық сәйкестендіру нөмірлеріне өту үшін заңнамалық негізді жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	БҚОД (келісім бойынша)
----	---	---	------------------	------------------------

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

21	Қазақстан Республикасының "Астана" халықаралық қаржы орталығы және бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының кор биржаларына қатысты белгіленген жекелеген нормаларын үйлестіру мүмкіндігін қарau	заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша Үкіметке ұсыныстар	2018 жылғы наурыз	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині
22	Қазақстан Республикасының аумағында кор нарығының бірнеше биржалық алаңдарының қатар жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдайлар жасау бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қатысуымен ҰБ Басқармасы мүшесінің төрағалық етуімен жұмыс тобын құру	ҰБ, Қаржыминің бірлескен бүйрекі	2018 жылғы наурыз	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині
23	Қазақстан Республикасының аумағында кор нарығының бірнеше биржалық алаңдарының қатар жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдайлар жасау бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы маусым	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині
24	Ұлттық Банктің қор биржасының жарғылық капиталындағы, оның ішінде жаңа акционерлік капиталды тарту арқылы үлесін төмендету мүмкіндігін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2021 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
25	Кор биржасының сауда платформасын жаңғырту	ҰБ-қа ақпарат	2018 – 2021 жылдар	KASE (келісім бойынша)
26	Шетел валюталары нарығы мен қор нарығы бойынша қор биржасына орталық қарсы агенттің функцияларын бекітіп беру	ҰБ-ға ақпарат	2019 жылғы желтоқсан	KASE (келісім бойынша), БҚОД (келісім бойынша)
27	Кор биржасы қор нарығының барлық секторлары бойынша қатысқан кезде орталық қарсы агентті енгізу мүмкіндігін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2020 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша), ҰӘМ, KASE (келісім бойынша), БҚОД (келісім бойынша)
28	Тарату неттингі рәсімін енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, KASE (келісім бойынша)
29	Занды тұлғалардың, оның ішінде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің капиталындағы үлестерді сату немесе сатып алу бойынша біржолғы мәмілелерді жасау үшін қор биржасы базасында бағалы қағаздардың биржа нарығының ықпалдасқан ақпараттық жүйесін құру, қызмет ету және техникалық ілеспе қызмет көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)

30	Кор биржасының сауда жүйесінде бағалы қағаздармен және шетел валютасында, номинация валютасында номиналданған өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді жасасу тетігін енгізу мүмкіндігін қараяу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
31	Кор биржасында сақтандыру бойынша электрондық аланды құру мүмкіндігін қараяу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
32	Дамыған нарықтарда дамыған инновациялық нысандарды, оның ішінде . crowd funding пайдалана отырып қор биржасының биржалық алаңы арқылы кәсіпкерлікті және бизнес жобаларды қаржыландырудың балама тетіктерін қалыптастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 – 2020 жылдар	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша)
33	Бейрезиденттердің қор биржасындағы сауда-саттыққа қашықтан мүше болу мәртебесін және қолжетімділікті алу рәсімдерін жеңілдету бойынша ұсыныстарды қараяу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, KASE (келісім бойынша), БҚОД (келісім бойынша)
34	S&P, FTSE, MSCI елдер нарықтары ысынптауыштарында Қазақстан қор нарығының позицияларын жаксарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	жыл сайын, 2019 – 2021 жылдар	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)

Кор нарығындағы сұранысты ынталандыру

Кор нарығында "тұғырылы" институционалдық инвесторларды қалыптастыру

35	Қазақстан Республикасы Үлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды және "Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы коры" акционерлік қоғамын "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумагында орналастыру мүмкіндігін қараяу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы наурыз	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині
36	Зейнетакы активтерін басқару жөніндегі компаниялар, басқарушы компаниялар мен өмірді сақтандыру компаниялары арқылы зейнетакы активтерін стратегиялық инвесторларға басқаруға беруді көздейтін зейнетакы активтерін басқару жүйесін реформалау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Еңбекмині
37	Екінші деңгейдегі банктер, олардың еншілес ұйымдары, банк холдингтері, сондай-ақ банк холдингінің құрамына кіретін ұйымдар сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)
38	Сақтандыру ұйымдары, сақтандыру холдингтері мен сақтандыру холдингінің құрамына кіретін ұйымдар сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)

39	Инвестициялық корларды құруға және олардың жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды ырықтандыру, оның ішінде олардың инвестициялық мүмкіндіктерін арттыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
40	Ұжымдық инвестициялау схемалары шенберінде халыктың ерікті зейнетакы жинақтарын қалыптастыруды ынталандырудың пәрменді тетіктерін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Еңбекмині
41	Ұжымдық инвестициялаудың жаңа нысандарының – "биржалық инвестициялық корлардың" (ETF), венчурлық корлардың, хедж корлардың, crowd funding және басқаларының жұмыс істеу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
42	Unit linked өмірді инвестициялық сактандыру құралдарын ендіру мүмкіндігін қаруа	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)
Көр нарығына қатысушылардың заңды құқыктары мен мұдделерін қорғау				
43	Форекс нарығына кіру бойынша қызмет көрсететін компаниялардың (Форекс-дилерлердің) қызметін реттеуді енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ
44	Кәсіби қатысушылар тараپынан қызметін теріс пайдаланған және/немесе алаяқтық іс-қимыл жасаған жағдайда қор нарығындағы инвестицияларға кепілдік беру жүйесін құрудың орындылығын қаруа	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), КҚҚ (келісім бойынша)
45	Айла-шарғы жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелерді тану тетіктерін жетілдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
46	Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін күшетьту арқылы қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар даярлау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша)
47	Брокерлердің жеке кабинетті пайдалану арқылы өз клиенттеріне электрондық қызмет көрсетуге арналған сауда платформаларын пайдалануын ынталандыру	ҰБ Басқармасының қаулысы	2019 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
Каржылық сауаттылықты арттыру				
48	Әлеуетті эмитенттер мен инвесторлар үшін Қазақстан Республикасының өнірлерінде семинарлар өткізу	семинарлар	жартыжылдық негізде, 2018 – 2021 жылдар	KASE (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша)
49	Көр нарығы және заңнамалық талаптарды түсінірү мәселелері бойынша ҚҚҚ және қор биржасының базасында мемлекеттік органдар және қор нарығының кәсіби қатысушыларына арналған семинарлар, дөңгелек үстелдер, оқыту курстары, тағылымдамалар	семинарлар, дөңгелек үстелдер, оқыту курстары, тағылымдамалар	жартыжылдық негізде, 2018 – 2021 жылдар	ҰБ (келісім бойынша), КҚҚ (келісім бойынша)

50	Халықтың қаржылық сауаттылығын және инвестициялық мәдениетін арттыруға бағытталған мақалаларды, радио- және телебағдарламаларды дайындау	мақалалар, радиожөнегізде, телебағдарламалар	жартыжылдық 2018 – 2021 жылдар	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
51	Көр нарығының жұмыс істеу мәселелерінен өткізу полиграфиялық өнімін шыгару және тарату	оқыту полиграфиялық өнімі	жартыжылдық негізде, 2018 – 2021 жылдар	ҰБ (келісім бойынша)
52	Көр биржасында "Биржалық симулятор" атты халық арасында кең ауқымды білім беру жобасын жүргізу	ҰБ-га ақпарат	жыл сайын, 2018 – 2021 жылдар	KASE (келісім бойынша)
53	Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің "Ішкі қор нарығындағы қаржыландыруды алу" индикаторын жаксарту бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу	ҰЭМ-ге ақпарат	жартыжылдық негізде, 2018 – 2021 жылдар	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)

Көр нарығындағы ұсныстарды ынталандыру

Көр нарығында инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту

54	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша бастапқы дилерлер институтын жетілдіру жөніндегі ұсныстарды әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ
55	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша кірістіліктің өтімді және барабар қысығын қалыптастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 – 2021 жылдар	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині
56	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын алдағы жылға шыгару кестесін жыл сайын жариялау	шыгару кестесі	2018 – 2021 жылдар	Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша)
57	Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының өтімділігін және тұрақтылығын арттыру мақсатында қор биржасының алаңында айналыстағы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкерлер институтын жетілдіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 – 2021 жылдар	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
58	Құны алтынның және (немесе) басқа активтердің құнына тәуелді қаржы құралдарын шыгару мүмкіндігін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша) KASE (келісім бойынша)
59	Банктік депозиттік сертификаттарды айналысқа енгізу, оның ішінде қор биржасында айналыстағы құралдар тізбесіне қосу арқылы ендіру мәселесін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
60	Көр биржасының алаңында Қазақстан эмитенттері еурооблигацияларының барлық жаңа шығарылымдары бойынша өтінімдерінің негізгі кітабын қалыптастыру мүмкіндігін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша), ҰКП (келісім бойынша)
61	Халық үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шыгару мәселесін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы маусым	Қаржымині, ҰЭМ, ҰБ (келісім бойынша)

62	Қазақстан тәжірибесінде апартты облигациялар енгізу және пайдалану мүмкіндігін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2021 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)
63	Шығарылуы және айналысы Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында көзделмеген исламдық бағалы қағаздар тізбесін кеңейту	заң жобасының тұжырымдамасын ВАК-қа енгізу	2020 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша)
64	Аграрлық қолхаттарды айналымға енгізу мәселесін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	АШМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), АЕО (келісім бойынша)
65	Бағалы қағаздарды сату (қыска сату) бойынша қамтамасыз етілмеген мәмілелерді жүзеге асыру тетігін ендіру мүмкіндігін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы наурыз	ҰБ (келісім бойынша), КҚҚ (келісім бойынша)

Эмитенттерді қор биржасында орналастыруға ынталандыру жүйесін құру

66	Қазақстан эмитенттері шығарған қаржы құралдарын ұлттық қор нарығына шығару бойынша қызығушылығының болмау себептерін талдау және оларды ынталандыру, оның ішінде салықтық ынталандыру мәселесін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, ҰЭМ, ҰКП (келісім бойынша)
67	Мемлекеттік колдау шаралары шенберінде экономиканың накты секторының Қазақстандық компаниялары шығарған облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені толық немесе ішінара өтеу тетігін осындаи облигацияларды қор биржасында міндетті орналастыру талабымен ендіру мүмкіндігін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	Ұ Э М , Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), ДАМУ (келісім бойынша), KASE (келісім бойынша)
68	Кредиттік портфельдер бойынша тәуекелдерді стандарттау, ипотекалық кредиттеу көлемін ұлғайту, халықтың ипотека арқылы баспаңа сатып алу мүмкіндігін кеңейту мақсатында ипотекалық және тұрғын үй қарыздары және кейіннен қор биржасында ипотекалық облигациялар орналастыру бойынша қайталама оператор институтын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, ҰЭМ
69	Секьюритилендірілген бағалы қағаздарды кейіннен қор биржасында орналастыру үшін жылжымайтын мұлік акционерлік корлары (REIT) арқылы активтерді секьюритилендіру тетігін пайдалану мүмкіндігін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ
70	Акционерлік қоғамдар болып табылатын және отандық кәсіпорындарды мемлекеттік колдау жөніндегі шараларды көздейтін мемлекеттік бағдарламаларға қатысады жоспарлайтын ұйымдардың акцияларын қор биржасында листингке қосу мәселесін қарau	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы наурыз	ҰБ (келісім бойынша), ИДМ, Қаржымині, ҰЭМ, KASE (келісім бойынша), ҰКП (келісім бойынша)

71	Қазақстан Республикасы қор нарының биржасында орналастырылатын бағалы қағаздарды шетелдік нарыктарда орналастырмас бұрын олардың колемінің ең томен шекті мәнін қайта қараша мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині
----	--	---	------------------	---------------------------------

Жаңа технологиялық шешімдерді қаржы секторында пайдалану мүмкіндіктерін көңейту

72	Кәсіби қатысушылардың электрондық көрсетілетін қызыметтерді көрсету тәртібін женилдету, қарқынды сәйкестендіруді, электрондық цифрлық қолтаңбаны және электрондық құжат айналымын қолдану мүмкіндіктерін көңейту	Ұ Б Басқармасының қаулысы	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)
73	Қаржы құралдарын электрондық ақшамен төлеу арқылы сатып алу үшін жағдайлар жасау	Ұ Б Басқармасының қаулысы	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)
74	Қаржы құралдарын электрондық ақшамен төлеу арқылы сатып алу үшін мобиЛЬДІ және web-қосымшаларды пайдалануға енгізу	мобиЛЬДІ және web-қосымшалар	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)
75	Акционерлік қоғамдарды басқаруда цифрлық технологияларды ендіру үшін жағдайлар жасау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, ҚҚҚ (келісім бойынша), БҚОД (келісім бойынша), АЕО (келісім бойынша)

4. Халықаралық ынтымақтастық

76	Бағалы қағаздар шыгарылымы проспектісінің электрондық форматына кезең-кезеңімен өту үшін мүмкіндік жасау және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына эмитенттер орналастыратын ақпараттың негізінде оны автоматтаты түрде жаңарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2018 жылғы шілде	ҰБ (келісім бойынша), АЕО (келісім бойынша)
77	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін Своптар мен деривативтердің халықаралық қауымдастығына (ISDA) кейіннен косылуы үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын атапған қауымдастықтың стандарттарына сәйкес келтіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2021 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)
78	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялар халықаралық үйымының (IOSCO) өзара түсіністік пен ынтымақтастық бойынша меморандумына қол қоюы жөнінде іс-шаралар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2019 жылғы желтоқсан	ҰБ (келісім бойынша)

5. Іс-қимыл жоспарын іске асыру

			ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ, Қаржымині, ИДМ, АШМ,
--	--	--	---

79	<p>Іс-кимыл жоспарын және оған қоса берілген Іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі бірыңғай корытынды есепті (мұдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың барлық есептерін әрбір жартышылда шоғырландыру) Қазақстан Республикасының Үкіметіне беру үшін оларды қалыптастыру</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат</p>	<p>жыл сайын 1 наурыз және 1 кыркүйек</p>	<p>Еңбекмині, KASE (келісім бойынша), ҰКП (келісім бойынша), ҚҚҚ (келісім бойынша), "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісім бойынша), БҚОД (келісім бойынша), БҚБТ (келісім бойынша), АЕО (келісім бойынша)</p>
----	--	--	---	---

Ескертпе: аббревиатуралар мен қысқартулардың толық жазылуы:

- ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
- Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- ИДМ – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі
- Каржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
- ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
- АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
- ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
- ҚҚҚ – "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігі
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдинг" акционерлік қоғамы
- ДАМУ – "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы
- KASE – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы
- БҚБТ – "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" акционерлік қоғамы
- БҚОД – "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы
- АЕО – "Ақпараттық есепке алу орталығы" акционерлік қоғамы
- REIT – Real Estate Investment Trust
- КЖ/ТҚҚ – кірістерді жылдыстауга және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-кимыл
- қ о р
биржасы – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар қор биржасы
- Ишкі бақылау қағидалары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 522 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылды 24 желтоқсандағы № 240 қаулысымен бекітілген Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылдыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-кимыл жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысуышылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидалары
- АҚ – акционерлік қоғам
- ВАК – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Заң жобалау қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссия
- IOSCO – International Organization of Securities Commissions
- ISDA – International Swaps and Derivatives Association
- G20 – The Group of Twenty

S&P	– Standard & Poor's
ETF	– Exchange Traded Funds
IPO/SPO	– Initial Public Offering/Secondary Public Offering
FTSE	– Financial Times Stock Exchange
MSCI	– Modern Index Strategy Indexes

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК